|  | <p><b>жобалау:</b> патриоттық бағыттағы («Туған жерге тағзым»), еңбек тәрбиесі («Еңбегі адал – жас өрен»), отбасылық құндылықтар («Анаға құрмет», «Үлкенге құрмет») іс-шараларының сценарийлерін әзірлеу.</p> <p><b>Балалар ұйымдарының қоғамдық пайдалы жұмысын ұйымдастыру:</b> «Қоғамға қызмет ету» технологиясы, «Таза Қазақстан», «Жасыл ел», «Қамқор» республикалық акцияларына тарту.</p> <p><b>Балалар ұйымының қызметі барысында отбасымен және социуммен өзара іс-қимыл жасау әдістемесі:</b> серіктестік технологиялары, ата-аналарды тарту формалары, жергілікті қоғамдастық ресурстарын жұмылдыру.</p> <p><b>Балалар ұйымы қызметінің тиімділігін талдау және рефлексия:</b> ұжымдық талдау әдістері, қатысушылардың белсенділігі мен қанағаттанушылығын бағалау.</p> | <p>Әлеуметтік жобалау және волонтерлік қызметті ұйымдастыру технологияларын меңгеру.</p> <p>Балалар ұйымдарының қызметіне ата-аналар мен социумды тарту дағдыларын қалыптастыру.</p> | <p>ететін іс-шараларды ұйымдастыру үшін ұжымдық-шығармашылық іс-әрекет (ҰШІ) әдістемесін қолданады.</p> <p>Балалар ұйымының әлеуметтік жобаларын (соның ішінде «Таза Қазақстан», «Қоғамға қызмет ету» шеңберінде) мәселені анықтаудан бастап нәтижелерді таныстыруға дейінгі толық жобалық цикл логикасы бойынша әзірлейді және іске асырады.</p> <p>Іс-әрекетке негізделген қатысу мен рефлексия арқылы «Адал Азамат» құндылықтарын дәріптейтін патриоттық, еңбек, отбасылық бағыттағы тәрбиелік іс-шараларды жобалайды және өткізеді.</p> <p>Балалар ұйымының қызметіне ата-аналар мен социум өкілдерін тарту механизмдерін (бірлескен</p> |
|--|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

|   |                                                                                                                                                               |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |
|---|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|   |                                                                                                                                                               |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          | <p>жобалар, кездесулер, шеберлік сыныптары) әзірлейді және енгізеді.</p> <p>Өткізілген істердің тиімділігін бағалау және алдағы қызметті жоспарлау үшін ұжымдық талдау мен рефлексия әдістерін қолданады.</p>                                                                                                                                                                                                           |
| 5 | <p>Балалар қоғамдық ұйымдарының қызметінде психологиялық қауіпсіз ортаны қалыптастырудағы және буллингтің алдын алудағы аға тәлімгердің құзыреттіліктері.</p> | <p><b>1. Балалар мен жасөспірімдер ортасындағы буллинг феномені:</b> құрылымы (кұрбан, агрессор, бақылаушылар), себептері, динамикасы, салдары.</p> <p>«Буллинг» және «конфликт» ұғымдарын ажырату.</p> <p><b>2. Буллинктің алдын алудағы балалар қоғамдық ұйымының рөлі:</b> ұйымшыл ұжым, қолдау жүйесі, өзара сыйластық құндылығы қорғаныс факторлары ретінде.</p> <p><b>3. «ДосболLike» бағдарламасының тұжырымдамалық негіздері мен құралдары:</b> мақсаты, міндеттері, нысаналы топтар, күтілетін нәтижелер. Балалар бірлестіктерінің қызметі арқылы бағдарламаны іске асырудағы аға тәлімгердің рөлі.</p> <p><b>4. «ДосболLike» бағдарламасы аясында балалар ұйымдарының активімен интерактивті алдын алу сабақтарын өткізу әдістемесі:</b> ұйымшылдыққа</p> | <p><b>Мақсаты:</b> Тыңдаушыларда психологиялық қауіпсіз ортаны қалыптастыру және «ДосболLike» бағдарламасының алдын алу міндеттерін іске асыру үшін балалар қоғамдық ұйымдарының әлеуетін тиімді пайдалануды қамтамасыз ететін құзыреттіліктер жүйесін қалыптастыру.</p> <p><b>Міндеттері:</b></p> <p>1. Буллинктің алдын алудағы балалар ұйымының рөлі туралы түсінікті қалыптастыру.</p> <p>2. Балалар бірлестіктерінің активімен «ДосболLike» бағдарламасы аясында интерактивті сабақтар өткізу әдістемесін меңгеру.</p> <p>3. Мектептің антибуллингтік командасы құрамындағы іс-</p> | <p><b>Модуль аяқталғанда тыңдаушы:</b></p> <p>1. Буллинктің алдын алудағы және психологиялық қауіпсіз ортаны құрудағы балалар қоғамдық ұйымының рөлін түсінеді, ұйымшыл ұжымның әлеуетін қорғаныс факторы ретінде пайдаланады.</p> <p>2. Балалар ұжымдарындағы буллинг белгілерін анықтау үшін бастапқы диагностика әдістерін қолданады, буллинг пен конфликтіні ажыратады.</p> <p>3. Балалар ұйымдарының активімен</p> |

|  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |                                                                                                                              |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |
|--|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|  | <p>арналған тренингтер, кейс-стади, рөлдік ойындар, миға шабуыл.</p> <p><b>5. Мектептің антибуллингтік командасы аясындағы ведомствоаралық өзара іс-қимыл алгоритмі:</b> буллинг фактісі анықталған кездегі аға тәлімгердің, сынып жетекшісінің, педагог-психологтың, әлеуметтік педагогтың, әкімшіліктің бірлескен іс-қимылдары.</p> <p><b>6. Белсенді антибуллингтік позицияны қалыптастыру құралы ретінде балалар ұйымдарының мүшелерін буллингтің алдын алу бойынша контент жасауға (әлеуметтік жарнама, бейнероликтер, театрландырылған қойылымдар) тартудың педагогикалық шарттары. Балалар ұжымындағы психологиялық қауіпсіздік мониторингі:</b> көрсеткіштер, диагностика әдістері, нәтижелерді талдау.</p> | <p>қимыл алгоритмін пысықтау.</p> <p>4. Балалар ұйымдарының мүшелерін алдын алу қызметіне тарту дағдыларын қалыптастыру.</p> | <p>«ДосболLike» бағдарламасының әдістемелік құралдарын пайдалана отырып, эмпатияны, коммуникативтік дағдыларды дамытуға және ұйымшылдыққа бағытталған алдын алу сабақтарының циклін дербес өткізеді.</p> <p>4. Буллинг фактісі анықталған кезде бекітілген алгоритмге сәйкес әрекет етеді, мектептің антибуллингтік командасы құрамында сынып жетекшісімен, психологпен және әлеуметтік педагогпен өзара іс-қимыл жасайды.</p> <p>5. Мектепте қудалауға (травляға) төзбеушілік атмосферасын және достық құндылықтарын қалыптастыруға бағытталған ақпараттық өнімдерді (бейнероликтер, плакаттар, акциялар) жасау бойынша балалар ұйымдары мүшелерінің жобалық қызметін</p> |
|--|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

|   |                                                                                           |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |
|---|-------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|   |                                                                                           |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          | <p>ұйымдастырады</p> <p>.</p> <p>6. Алдын алу жұмыстарының тиімділігін бағалау үшін ұжымдағы психологиялық қауіпсіздік пен ұйымшылдық көрсеткіштерін пайдаланады.</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |
| 6 | <p>Қорытынды аттестаттау: балалар қоғамдық ұйымын дамыту жобасын әзірлеу және қорғау.</p> | <p><b>1. Қорытынды жобаны дайындау бойынша консультациялар:</b> құрылым ы, талаптар, бағалау критерийлері.</p> <p><b>2. Балалар қоғамдық ұйымын дамыту бойынша авторлық жобаларды таныстыру және қорғау</b> («Жас Қыран»/«Жас Ұлан» бастауыш ұйымдарының қызмет бағдарламалары, мектеп парламентін дамыту жоспарлары, волонтерлік жасақтың әлеуметтік жобалары, актив мектебінің бағдарламалары және т.б.).</p> <p><b>3. Жобаларды талқылау және сараптау, оқытушылар мен әріптестерден кері байланыс алу.</b></p> | <p><b>Мақсаты:</b> Авторлық жобаны қорғау арқылы тыңдаушылардың балалар қоғамдық ұйымдарын дамыту саласындағы кәсіби құзыреттіліктерінің қалыптасу деңгейін бағалау.</p> <p><b>Міндеттері:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>-қорытынды жобаны дайындау барысында консультациялық қолдау көрсету.</li> <li>-әзірленген жобалардың ашық таныстырылымы мен қорғалуын қамтамасыз ету.</li> <li>-жобалардың бағдарлама талаптарына және тәрбие берудің заманауи міндеттеріне сәйкестігіне талдау жасау және бағалау.</li> </ul> | <p><b>Модуль аяқталғанда тыңдаушы:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>-кәсіби құзыреттіліктердің қалыптасқанын көрсететін балалар қоғамдық ұйымын дамытудың авторлық жобасын (қызмет бағдарламасын, даму жоспарын, әлеуметтік жобаны) әзірлейді және ұсынады.</li> <li>-нормативтік-құқықтық негіздерді, жас ерекшеліктерін, ұйымдастырушылық-педагогикалық қолдау және жобалау технологияларын түсінетінін көрсете отырып, жобаның мақсаттарын,</li> </ul> |

|  |  |  |  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |
|--|--|--|--|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|  |  |  |  | <p>міндеттерін, мазмұны мен күтілетін нәтижелерін негіздейді.</p> <p>-жобаны әріптестері мен сарапшыларға таныстырады, сұрақтарға жауап береді, ұсынылған жұмыстарды талқылау мен талдауға қатысады.</p> <p>-Қазақстандық мектептерде балалар қоғамдық ұйымдарын дамыту практикасына заманауи тәсілдерді енгізуге дайындығын көрсетеді.</p> |
|--|--|--|--|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

### Оқу-тақырыптық жоспар

| №        | Модульдер мен тақырыптардың атауы                                                                                                                          | Дәріс сабақтары | Практ. сабақтары | Тестілеу. (сағ) | Барлығы (сағ) |
|----------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------|------------------|-----------------|---------------|
| <b>1</b> | <b>1-модуль. Балалар қоғамдық ұйымдарын дамыту бойынша аға тәлімгер қызметінің нормативтік-құқықтық және тұжырымдамалық негіздері.</b>                     | <b>2</b>        | <b>5</b>         | <b>1</b>        | <b>8</b>      |
| 1.1      | Аға тәлімгер жұмысында балалар қоғамдық ұйымдары қызметінің нормативтік-құқықтық базасын талдау және қолдану.                                              | 1               | 2                | -               | 3             |
| 1.2      | «Адал Азамат» бағдарламасының құндылықтары мен «ДосболLike» міндеттерін балалар қоғамдық ұйымдарының қызметін жоспарлауға интеграциялау бойынша практикум. | 1               | 3                | -               | 4             |

|          |                                                                                                                                     |          |           |          |           |
|----------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------|-----------|----------|-----------|
| 1.3      | 1-модуль бойынша қорытынды тестілеу.                                                                                                | -        | -         | 1        | 1         |
| <b>2</b> | <b>2-модуль. Балалар қоғамдық ұйымдарын дамытудың психологиялық-педагогикалық негіздері.</b>                                        | <b>3</b> | <b>10</b> | <b>1</b> | <b>14</b> |
| 2.1      | «Жас Қыран» және «Жас Ұлан» ұйымдарының қызметін жоспарлау кезінде жас ерекшеліктерін ескеру бойынша практикум.                     | 1        | 3         | -        | 4         |
| 2.2      | Білім алушыларды тарту технологиялары және балалар ұйымдарындағы педагогикалық қолдау әдістемесі.                                   | 1        | 4         | -        | 5         |
| 2.3      | Қауіпсіз ортаны жобалау және әртүрлі жастағы топтардағы іс-қимыл алгоритмдері (кейстерді шешу).                                     | 1        | 3         | -        | 4         |
| 2.4      | 2-модуль бойынша қорытынды тестілеу.                                                                                                | -        | -         | 1        | 1         |
| <b>3</b> | <b>3-модуль. Балалар қоғамдық ұйымдары мен оқушылардың өзін-өзі басқаруын ұйымдастырушылық-педагогикалық қолдау технологиялары.</b> | <b>4</b> | <b>11</b> | <b>1</b> | <b>16</b> |
| 3.1      | «Жас Қыран» және «Жас Ұлан» бастауыш ұйымдарының қызметін модельдеу (жұмыс жоспарын әзірлеу).                                       | 1        | 3         | -        | 4         |
| 3.2      | Мектеп парламентіне сайлауды ұйымдастыру және оның жұмысын жоспарлау бойынша практикум (іскерлік ойын).                             | 1        | 3         | -        | 4         |
| 3.3      | «Актив мектебі» тренингі: көшбасшылық әлеуетті дамыту және тәлімгерлік технологиялары.                                              | 1        | 2         | -        | 3         |
| 3.4      | Дебат қозғалысын және волонтерлік жасақтарды ұйымдастыру бойынша шеберлік сыныбы (мастер-класс).                                    | 1        | 2         | -        | 3         |
| 3.5      | Ақпараттық-медиялық қолдау бойынша практикум (әлеуметтік                                                                            | -        | 1         | -        | 1         |

|          |                                                                                                                                                                         |          |           |          |           |
|----------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------|-----------|----------|-----------|
|          | желілер мен мектептегі БАҚ үшін контент жасау).                                                                                                                         |          |           |          |           |
| 3.6      | 3-модуль бойынша қорытынды тестілеу.                                                                                                                                    | -        | -         | 1        | 1         |
| <b>4</b> | <b>4-модуль. Балалар қоғамдық ұйымдарының қызметін және құндылықтарға бағдарланған тәрбиелік іс-шараларды жобалау.</b>                                                  | <b>3</b> | <b>14</b> | <b>1</b> | <b>18</b> |
| 4.1      | Балалар ұйымындағы ұжымдық-шығармашылық істерді жобалау (топтық жұмыс).                                                                                                 | 1        | 3         | -        | 4         |
| 4.2      | «Адал Азамат» бағыттарын ескере отырып, балалар ұйымының жылдық қызмет жоспарын әзірлеу.                                                                                | 1        | 3         | -        | 4         |
| 4.3      | Жобалық сессия: балалар ұйымының әлеуметтік жобасын әзірлеу.                                                                                                            | 1        | 5         | -        | 6         |
| 4.4      | Ата-аналарды балалар бірлестіктерінің қызметіне тарту бойынша практикум (іс-шараларды модельдеу).                                                                       | -        | 3         | -        | 3         |
| 4.5      | 4-модуль бойынша қорытынды тестілеу.                                                                                                                                    | -        | -         | 1        | 1         |
| <b>5</b> | <b>5-модуль. Балалар қоғамдық ұйымдарының қызметінде психологиялық қауіпсіз ортаны қалыптастырудағы және буллингтің алдын алудағы аға тәлімгердің құзыреттіліктері.</b> | <b>3</b> | <b>11</b> | <b>1</b> | <b>15</b> |
| 5.1      | Буллинг диагностикасы және алдын алудағы балалар ұйымы рөлін талдау (кейстерді талдау).                                                                                 | 1        | 3         | -        | 4         |
| 5.2      | «ДосболLike» бағдарламасы аясында балалар ұйымдарының активімен интерактивті сабақтар өткізу бойынша тренинг.                                                           | 1        | 3         | -        | 4         |
| 5.3      | Мектептің антибуллингтік командасы құрамындағы іс-қимыл алгоритмін модельдеу (іскерлік ойын).                                                                           | 1        | 3         | -        | 4         |
| 5.4      | Психологиялық қауіпсіздік мониторингі: әдістері және                                                                                                                    | -        | 2         | -        | 2         |

|          |                                                                                                                 |    |          |   |          |
|----------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----|----------|---|----------|
|          | нәтижелерді талдау<br>(интерпретациялау).                                                                       |    |          |   |          |
| 5.5      | 5-модуль бойынша қорытынды<br>тестілеу.                                                                         | -  | -        | 1 | 1        |
| <b>6</b> | <b>6-модуль. Қорытынды<br/>аттестаттау: балалар қоғамдық<br/>ұйымын дамыту жобасын<br/>әзірлеу және қорғау.</b> | -  | <b>9</b> | - | <b>9</b> |
| 6.1      | Қорытынды жобаны дайындау<br>бойынша консультациялар (жеке<br>және топтық).                                     | -  | 3        | - | 3        |
| 6.2      | Балалар қоғамдық ұйымдарын<br>дамыту бойынша авторлық<br>жобаларды қорғау.                                      | -  | 6        | - | 6        |
|          | <b>БАРЛЫҒЫ:</b>                                                                                                 | 15 | 60       | 5 | 80       |

## 6. Оқу процесін ұйымдастыру

«Тәлімгердің кәсіби қызметіндегі балалар қоғамдық ұйымдарының қызметін дамыту» біліктілікті арттыру курсының бағдарламасы бекітілген оқу-тақырыптық жоспарға сәйкес оқытудың күндізгі нысанында іске асырылады. Курстың ұзақтығы белгіленген оқу кезеңі ішінде игерілетін 80 академиялық сағатты құрайды.

Білім беру процесін ұйымдастыру ҚР БҒМ «Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген адамдардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» № 338 бұйрығының талаптарын, «Адал Азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының ережелерін, Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын, сондай-ақ білім алушыларды әлеуметтендіру мен тәрбиелеудің негізгі институттары ретінде балалар қоғамдық ұйымдары мен оқушылардың өзін-өзі басқаруын дамытудың заманауи тәсілдерін ескере отырып құрылады.

Білім беру процесі тәлімгерлерде балалар қоғамдық ұйымдарының білім берудегі тәрбие міндеттерін іске асырудағы рөлі туралы жүйелі түсінікті қалыптастыруға, сондай-ақ «Жас Қыран», «Жас Ұлан» ұйымдарының, мектеп парламентінің, дебат қозғалысы мен волонтерлік жасақтардың қызметін құру, қолдау және тұрақты дамыту бойынша практикалық құзыреттіліктерді дамытуға бағытталған.

Оқытуды ұйымдастырудың әдіснамалық негіздері заманауи ғылыми-педагогикалық тәсілдерді интеграциялауға негізделеді, оның ішінде:

1. **Іс-әрекеттік тәсіл** – тыңдаушыларды балалар қоғамдық ұйымдары қызметінің нақты жағдайларын модельдеуге, жобалауға және талдауға белсенді тарту арқылы мазмұнды меңгеру.
2. **Құзыреттілік тәсіл** – тәлімгердің нақты кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыруға бағытталу: ұйымдастырушылық-педагогикалық, көшбасшылық-тәлімгерлік, жобалау, коммуникативтік-фасилитативтік, диагностикалық-талдау.
3. **Әлеуметтендіру тәсілі** – балалар қоғамдық ұйымын тұлғаның әлеуметтік қалыптасу, әлеуметтік рөлдерді, нормалар мен құндылықтарды меңгеру кеңістігі ретінде түсіну.
4. **Құндылықтарға бағдарланған тәсіл** – «Адал Азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтарын балалар бірлестіктері қызметінің мазмұны мен формаларына интеграциялау.
5. **Практикаға бағдарланған тәсіл** – аға тәлімгердің меңгерілген технологияларды нақты мектеп практикасында қолдануға дайындығын қамтамасыз ететін оқытудың практикалық формаларына басымдық беру.
6. **Рефлексивті тәсіл** – өз қызметін талдау, балалар ұйымы жұмысының тиімділігін бағалау және кәсіби өзін-өзі дамыту қабілетін дамыту.

**Бағдарламаны іске асыру аясында оқытудың келесі нысандары мен әдістері қолданылады:**

1. **Дәрістік-практикалық сабақтар** теориялық базаны қалыптастыруға және балалар қоғамдық ұйымдарын дамытудың заманауи тәсілдерін, нормативтік-құқықтық негіздерін, әртүрлі жас топтарындағы балалармен жұмыс істеудің психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін түсінуге бағытталған.
2. **Практикаға бағдарланған сабақтар мен тренингтер** нақты құралдарды пысықтауды көздейді: білім алушыларды балалар ұйымдарының қызметіне тарту технологиялары, актив мектептерін өткізу әдістемелері, тұлғалық өсу тренингтері, буллингтің алдын алу бойынша интерактивті сабақтар.
3. **Шеберлік сыныптары (мастер-кластар)** «Жас Қыран», «Жас Ұлан», мектеп парламенті, дебат қозғалысы, волонтерлік жасақтар қызметін ұйымдастырудың тиімді практикаларын көрсету және пысықтау мақсатында өткізіледі.
4. **Іскерлік және рөлдік ойындар** нақты жағдайларды модельдеуге мүмкіндік береді: мектеп парламентіне сайлау өткізу, ұжымдық-шығармашылық істі ұйымдастыру, мектептің антибуллингтік командасы құрамында өзара іс-қимыл жасау.
5. **Кейс-әдістер және педагогикалық жағдаяттарды талдау** балалар ұйымдары жұмысының практикасынан алынған, педагогикалық шешімдер қабылдауды талап ететін нақты және модельденген жағдайларға негізделген.
6. **Жобалық қызмет** балалар қоғамдық ұйымын дамытудың авторлық жобаларын (қызмет бағдарламасын, жылдық жоспарын, әлеуметтік жобасын) әзірлеуді және оны кейіннен қорғауды қамтиды.

1. Топтық және командалық жұмыс бірлескен жобалау, әзірленген шешімдерді талқылау және сараптау, тыңдаушылар арасында тәжірибе алмасу арқылы іске асырылады.
2. Рефлексивті практикалар кәсіби тәжірибені түсінуге, балалар ұйымы қызметінің тиімділігін талдауға және кәсіби рефлексия дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.

Бағдарламада іске асырылатын **инновациялық тәсілдер:**

1. **Тәлімгер қызметінің интегративті моделі** – біліктілікті арттыру жүйесінде алғаш рет аға тәлімгердің балалар қоғамдық ұйымдарын дамыту бойынша қызметі нормативтік-құқықтық, психологиялық-педагогикалық, ұйымдастырушылық, жобалау және диагностикалық компоненттерді біріктіретін біртұтас жүйе ретінде қарастырылады.
2. **Қызметті алгоритмдеу технологиясы** – бағдарлама балалар ұйымдарын дамытудың нақты алгоритмдерін (тарту, қолдау, көшбасшыларды даярлау, жобалау) ұсынады, бұл аға тәлімгерге жүйелі, технологиялық тұрғыдан қамтамасыз етілген жұмысты құруға мүмкіндік береді.
3. **«Адал Азамат» құндылықтары мен «ДосболLike» бағдарламасы міндеттерін интеграциялау** – барлық модульдердің мазмұны балалар қоғамдық ұйымдарының қызметі арқылы мемлекеттік тәрбие бағдарламаларын іске асыру қажеттілігін ескере отырып құрылған.
4. **Практикаға бағдарланған жобалық тәсіл** – қорытынды аттестаттау балалар қоғамдық ұйымын дамытудың авторлық жобасын әзірлеуді және қорғауды көздейді, бұл нақты мектеп практикасына тікелей шығуды қамтамасыз етеді.
5. **Балалар ұйымдарын дамыту жағдаяттарын модельдеу** – қазақстандық мектептегі тәлімгер қызметінің нақты жағдайларына барынша жақындатылған іскерлік ойындарды, тренингтер мен кейстерді пайдалану.

**Бағдарламаны игеру нәтижелерін бағалау формативті және жиынтық бақылау әдістерін қолдану арқылы жүзеге асырылады:**

1. **Ағымдағы бақылау:** тренингтер мен шеберлік сыныптары барысында практикалық тапсырмалар мен жаттығуларды орындау; кейстерді талдауға және топтық талқылауларға қатысу; модульдер бойынша жобалық шағын тапсырмаларды орындау (жоспар үзінділерін, сценарийлерді, тренинг сабақтарын әзірлеу); экспресс-сауалнамалар мен рефлексивті эсселер.
2. **Аралық аттестация:** әр модульдің қорытындысы бойынша практикалық жұмыстарды орындау (балалар ұйымының қызмет жоспарын, іс-шара жобасын, тренинг сабағын әзірлеу); топтық жұмыс шеңберінде аралық жобалық шешімдерді қорғау.
3. **Қорытынды аттестация:** балалар қоғамдық ұйымын дамытудың авторлық жобасын әзірлеу және көпшілік алдында қорғау («Жас Қыран»/«Жас Ұлан» бастауыш ұйымының қызмет бағдарламасы, мектеп парламентін дамыту жоспары, еріктілер отрядының әлеуметтік жобасы, белсенділер мектебінің бағдарламасы және т.б.); балалар қоғамдық ұйымдарын дамытудың нормативтік-құқықтық,

## 7. Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету

«Тәлімгердің кәсіби қызметіндегі балалар қоғамдық ұйымдарының қызметін дамыту» біліктілікті арттыру бағдарламасының оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі тәлімгерлерде білім берудің тәрбиелік міндеттерін іске асырудағы балалар қоғамдық ұйымдарының рөлін жүйелі түсінуді қалыптастыруға және «Жас Қыран», «Жас Ұлан», мектеп парламенті, дебат қозғалысы мен еріктілер отрядтарының қызметін құру, қолдау және тұрақты дамыту бойынша практикалық дағдыларды дамытуға бағытталған.

Бағдарламаның дидактикалық ұйымдастырылуы балалар қоғамдық ұйымдарын дамытудың заманауи тәсілдерін теориялық пайымдау мен жеке педагогикалық шешімдерді әзірлеуге және сынақтан өткізуге бағытталған практикаға бағдарланған қызметтің ұштасуына негізделеді.

Оқу-әдістемелік қамтамасыз ету тәлімгерлердің балалар ұйымдарының жай-күйін талдау, олардың қызметін жобалау, білім алушыларды тарту және әлеуметтендіру процесін басқару, ұйымдастырушылық-педагогикалық қолдаудың заманауи технологияларын пайдалану және асоциалды құбылыстардың алдын алу қабілеттерін қалыптастыруға бағытталған. Бағдарлама іс-әрекеттік, құзыреттілік, жобалық және рефлексивтік тәсілдер принциптері негізінде іске асырылады және тыңдаушылардың талдау, жобалау, тренингтік және рефлексивтік қызметке белсенді қатысуын көздейді.

